

- 1.Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии». Министерство культуры и информации Республики Казахстан. Астана. Изд-во: «Елорда».2006.С.30.
- 2.Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 годы.
- 3.Марат Мамаев. Административный ресурс. Литер, 20 апреля 2010 г., с.4.
- 4.Мухитдинов Н.Б. Проблемы совершенствования природоохранительного законодательства и правотворческий процесс. //Материалы международной научно-практической конференций. 27-28 марта, 1997. Алматы.
- 5.Мухитдинов А.Н. к.ю.н., Juris Doctor (Duke University, USA). О роли правовой и административной систем в экономическом развитии общества // Правовые проблемы и перспективы развития казахстанского законодательства в условиях экономического кризиса: Материалы международной научно-теоретической конференции посвященной 70-летию со дня рождения доктора юридических наук, профессора Н.Б.Мухитдинова – Алматы: Нурай Принт Сервис, 2010., с.13.

## **Коммерциялық емес ұйымдардың өз мүлкіне билік етуіне байланысты және мүдделер қайшылығы орын алуы мүмкін мәмілелерді жасау ерекшеліктері**

**Касенова А.Ж.**

*Сулейман Демирель атындағы университеттің  
«Құқықтану» кафедрасының доцент м.а., з.ғ.к.*

Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес өз қызметінде пайда алу мақсатын көздемейтін және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 34-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 6-бабына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес заңды тұлғалардың өзге ұйымдық-құқықтық нысандары Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 17-бабының 2-тармағында көрсетілген. Оған сәйкес дербес білім беру ұйымдары, нотариаттық палаталар, адвокаттар және жеке сот орындаушылары алқалары, сауда-өнеркәсіп палаталары, кәсіби аудиторлық ұйымдар, меншік пәтер иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрыла алады.

Жекелеген коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты ерекшеліктер арнайы заң актілерімен реттелуі мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымдар заңдарда тыйым салынбаған және коммерциялық емес ұйымның мақсаттарына сәйкес келетін, оның құрылтай құжаттарында көзделген бір немесе бірнеше қызмет түрін жүзеге асыра алады. Жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдар айналысуға құқылы қызмет түрлеріне заң актілерінде шектеулер қойылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымның меншігінде немесе оралымды басқаруында оның жарғысында көзделген қызметін материалдық жағынан қамтамасыз етуге қажетті, заң актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйымдардың меншігінде болуға болмайтын мүліктің жекелеген түрлерін қоспағанда, объектілер, мүлік, сондай-ақ өзінің қаражаты есебінен құрылған ұйымдар болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 35-бабының 1-тармағына сәйкес коммерциялық емес ұйымның мүлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері болып мыналар табылады:

1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер;

- 2) ерікті мүліктік жарналар мен кайырмалдықтар;
- 3) заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс);
- 4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));
- 5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайының ерекшеліктеріне байланысты олардың өз мүлкіне билік етуіне қатысты кейбір мәселелердің заңдарда толық және егжей-тегжейлі реттелуінің практикалық маңызы зор. Сондай мәселелердің бірі - коммерциялық емес ұйымдардың мүдделер қайшылығы орын алуы мүмкін мәмілелерді жасауының тәртібіне қатысты. Бұл жөнінде арнайы ережелер Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 36-бабында («Мүдделер қайшылығы») және 37-бабында («Мүдделер қайшылығын шешу») белгіленген. Аталған заңның 36-бабының 1-тармағында былай делінген: «Коммерциялық емес ұйым мен мүдделі адамдардың арасындағы ұйымның мүлкін пайдалануға байланысты мәмілелер мүдделер қайшылығы орын алуын ұйғарымдайды.».

Осы жерде заңның мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі мәтіндерінің сәйкес келмейтіндігі жөнінде айта кету қажет.

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 36-бабының 1-тармағы орыс тілінде былай деп келтірілген:

«1. Сделки между некоммерческой организацией и заинтересованными лицами, связанные с распоряжением имуществом организации, предполагают наличие конфликта интересов.».

Заңның орыс тіліндегі нұсқасындағы «связанные с распоряжением имуществом» сөздері заңның мемлекеттік тілдегі мәтіні бойынша «мүлікті пайдалануға байланысты» деп көрсетілген. Бірақ бұл жерде қателікке жол берілгендігін айту қажет. Орыс тіліндегі «распоряжение имуществом» сөздері қазақ тіліне «мүлікке билік ету» деп аударылады, ал «пользование имуществом» сөздері «мүлікті пайдалану» деп аударылады. Сонымен бірге азаматтық заңнамаға сәйкес аталған терминдер екі түрлі құқықтық мағынаны білдіреді. Оны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 188-бабының мазмұнынан көруге болады.

ҚР Азаматтық кодексінің 188-бабының 2-тармағы бойынша меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады. Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету. Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін. Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі.

Демек бұл айтылғандар Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 36-бабында коммерциялық емес ұйым мен мүдделі адамдардың арасындағы ұйымның мүлкіне билік етуге байланысты мәмілелер қарастырылып отырғанын көрсетеді.

Сонымен бірге заңдағы орыс тіліндегі «лицо» сөзінің мемлекеттік тілдегі мәтін бойынша «адам» деп көрсетілгеніне де назар аудару қажет. Азаматтық заңнамаға сәйкес азаматтық құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде жеке және заңды тұлға болуы мүмкін. Жеке тұлға «адам» дегенді ғана емес, заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғаны да білдіруі мүмкін. «Адам» және «жеке кәсіпкер» құқықтық жағдайларының әртүрлі болуымен ерекшеленеді. Осыған байланысты мемлекеттік тілдегі «адам» сөзін «тұлға» сөзімен алмастырған дұрыс болар еді.

Мүлік ұғымын ҚР Азаматтық кодексінің 115-бабының 2-тармағы айқындайды, яғни оған сәйкес мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады.

Енді коммерциялық емес ұйым мен мүдделі адамдардың арасындағы ұйымның мүлкіне билік етуге байланысты мәмілелердің шеңберін анықтап алайық. Оларға азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар және бір жақты мәмілелер (мысалы, сенімхат) жатады. Бұл ҚР Азаматтық кодексінің 147-бабында көрсетілген мәміле ұғымынан туындайды, яғни мәміле ретінде азаматтар

мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері танылады. Коммерциялық емес ұйым мен мүдделі тұлғалар арасындағы мүдделер қайшылығы бар деп болжалынатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарға сәйкес коммерциялық емес ұйым тауар сатып алуы, қызметтің немесе орындалатын жұмыстың акысын төлеуі не өз мүлкін мүдделі тұлғаға беруі мүмкін. Сондай-ақ, коммерциялық емес ұйымның мүлкіне билік ету құқығын беретін сенімхатта мүдделер қайшылығы бар деп болжалынуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңында коммерциялық емес ұйыммен мүдделер қайшылығы орын алатын мәмілені жасайтын мүдделі тұлғалар айқындалған. Заңның 36-бабының 2 және 3-тармақтарында былай делінген:

«2. Коммерциялық емес ұйымның басқару органының (басшылық етуші органының) мүшелері, сондай-ақ осы өз ұйымымен жеке өзі немесе өкілі арқылы мәмілелер жасасатын, ұйыммен қатынастарына орай өз мүлкімен ұйымға билік етуге ықпал ете алатын адамдар мүдделі адамдар деп танылады.

3. Коммерциялық емес ұйым мүдделі адамдардың туыстарымен, сондай-ақ олардың кредит берушілерімен мәмілелер жасаса да мүдделер қайшылығы ұйғарымдалады.»

Сонымен қолданыстағы заңнамаға сүйеніп, коммерциялық емес ұйыммен мүдделер қайшылығы орын алатын мәмілені жасайтын мүдделі тұлғаларды келесі топтарға бөлуге болады.

Біріншіден, коммерциялық емес ұйымның басқару органының (басшылық етуші органының) мүшелері.

Басқару органдары Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 39-бабының 1-тармағында көрсетілген. Коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, құрылтай құжаттарына сәйкес олардың басқару органдары мыналар болып табылады:

1) жоғары басқару органы (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) - коммерциялық емес ұйым қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;

2) басқарудың атқарушы органы (алқалы немесе дара басқару) - коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарымен жоғары басқару органының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, коммерциялық емес ұйымның қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады, жоғары басқару органына есеп береді;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдары сайлайтын немесе тағайындайтын тексеру органы (тексеру комиссиясы, тексеруші);

4) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес басқа да органдар.

Аталған бапта Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 36-бабының 2-тармағының мәтіні бойынша жақша ішінде берілген «басқарушы орган» (орыс тіліндегі - руководящий орган) термині қолданылмайды. Осыған байланысты заңда мүдделі тұлғаларға жататын басқару органының мүшелерін нақтылау қажет тәрізді. Біздің ойымызша, Заңның 36-бабының 2-тармағында «басқару органы» деген сөздерден кейін жақша ішінде «атқарушы орган» деп көрсету қажет. Өйткені атқарушы орган коммерциялық емес ұйымның қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады, оның ішінде ұйым мүлкіне билік етуге қатысты мәмілелер жасау мәселесін де шешуі мүмкін.

Екіншіден, мүдделі адамдар ретінде коммерциялық емес ұйыммен белгілі бір қатынастарына байланысты оның мүлкімен билік етуіне ықпал ете алатын адамдар танылады. Оларға коммерциялық емес ұйымның мүлкіне билік етуге құқық беретін сенімхаттың негізінде әрекет ететін сенім білдірілген тұлғалар (өкілдер) жатады.

Айта кету керек, азаматтық заңнамамен өкілге өзіне қатысты, сондай-ақ ол біруақытта өкілі болып табылатын басқа тұлғаның атынан мәміле жасауына тыйым салынған. ҚР Азаматтық кодексінің 163-бабының 3-тармағына сәйкес өкіл жеке өзіне қатысты да, сонымен бірге өзі өкілі болып табылатын басқа адамға қатысты да өкілдік берушінің атынан мәмілелер жасай алмайды.

Үшіншіден, мүдделі тұлғаларға олардың туыстары жатады.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 1-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес жақын

туыстар болып ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер танылады. Аталған Кодекстің 1-бабының 1-тармағының 36-тармақшасы бойынша туыстар ретінде үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық байланыстағы адамдар түсініледі.

Төртіншіден, мүдделі тұлғаларға олардың несие берушілері де жатады. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы № 67-І «Банкроттық туралы» заңының 1-бабының 18-тармақшасына сәйкес кредитор дегеніміз - еңбекке ақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу, авторлық сыйақы төлеу, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, борышкерге азаматтық-құқықтық және өзінің өзге де міндеттемелерінен туындайтын мүлдікті талаптары бар тұлға.

Заңда мүдделер қайшылығы орын алуы мүмкін мәмілелерді жасау тәртібі белгіленген және бұл тәртіпті сақтамаудың салдары көрсетілген. ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 37-бабына сәйкес мүдделер қайшылығы ұйғарымдалған мәмілені коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы бекітуге тиіс. Мүдделі адам осындай мәміле жасасудың ұйғарымдалғаны туралы ұйымның уәкілетті органын хабардар етуге тиіс. Егер мәмілені уәкілетті органдар бекітпеген болса, мүдделер қайшылығы орын алған мұндай мәміленің жасалуы нәтижесінде коммерциялық емес ұйымға келтірілген шығындардың орнын толтыруға мүдделі адам жауап береді. Шығындардың орнын толтыруға қоса, осындай мүдделі адам осындай мәмілені жасау нәтижесінде алған сол адамның бүкіл кірісін коммерциялық емес ұйымға қайтаруға тиіс. Егер шығындар бірнеше мүдделі адамның іс-қимылдары нәтижесінде туындаған болса, олар коммерциялық емес ұйымның алдында ортақ жауап беруі тиіс.

Айта кету керек, ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 37-бабында және өзге баптарында мүдделер қайшылығы болуы мүмкін мәмілелерді бекітетін уәкілетті орган нақтыланбаған. Мұндай орган коммерциялық ұйымның құрылтай құжаттарымен анықталуы мүмкін.

Сондай-ақ, егер ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес жоғары басқару органының өкілеттіктерінің ішінде мұндай уәкілетті органды анықтау (тағайындау) көрсетілген болса, жоғары басқару органы бұл мәселе бойынша шешім қабылдауы мүмкін. ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 39-бабының 2-тармағында коммерциялық емес ұйымның жоғары басқару органының ерекше құзыреті анықталған, яғни аталған орган:

1) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) коммерциялық емес ұйымды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;

4) атқарушы органдардың қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;

5) заң актілерінде белгіленген шекте коммерциялық емес ұйымның басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдай алады.

Жоғары басқару органының ерекше құзыретіне заң актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарымен осы ұйым қызметінің басқа да мәселелері жатқызылуы мүмкін.

Сонымен бірге ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 39-бабының 3-тармағында бекітілген жекселеген жағдайларда коммерциялық емес ұйым өзінің жоғары басқару органының мүшелеріне сыйақы төлей алмайтындығы жөнінде норма қызығушылық туғызады. Оған сәйкес коммерциялық емес ұйым өзінің жоғары басқару органының мүшелеріне, жоғары басқару органының жұмысына қатысуына тікелей байланысты шығыстардың өтемін қоспағанда, өздеріне жүктелген міндеттерді олардың орындағаны үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылы емес. Заңда мұндай норманың көзделуі коммерциялық емес ұйымдардың басқару

органдарының өз өкілеттіктерін асыруына жол бермеуге, ұйымның ақша қаражаттарының мақсатсыз пайдаланылуының алдын алуға ықпал ететіні сөзсіз. Айта кету керек, бұл норма коммерциялық емес ұйымның жоғары басқару органының мүшесі және біруақытта алқалы атқарушы органының мүшелері болып табылатын тұлғалармен еңбек шарты жасалған жағдайға қолданылмайды. Өйткені ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 39-бабының 4-тармағында коммерциялық емес ұйымның еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін штаттағы қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады делінген. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 27-тарауы заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басшысы мен мүшелерінің және мүліктің меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген тұлға (орган) не заңды тұлғаның уәкілетті органы тағайындайтын (сайлайтын) қызметкердің еңбегін реттеу ерекшеліктеріне арналған. ҚР Еңбек кодексінің 248-бабы бойынша заңды тұлғаның атқарушы органының басшысымен еңбек қатынастары ҚР Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының заңдарына, құрылтай құжаттары мен еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл нормадан коммерциялық емес ұйымның алқалы атқарушы органының басшысымен еңбек шарты жасалатындығы және оған сәйкес басшының еңбегіне жалақы төленетіндігі туындайды. Алқалы атқарушы органның басқа мүшелерінің еңбегін реттеу мәселесі ҚР Еңбек кодексінің 254-бабы реттеледі. Оған сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 27-тарауында белгіленген атқарушы орган басшысының еңбегін реттеу ерекшеліктері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелеріне қолданылады. Бұл коммерциялық емес ұйымның алқалы атқарушы органының басқа мүшелерімен еңбек шартының жасалуы және оған сәйкес жалақының төленуі мүмкін екендігін көрсетеді.

Сонымен мақалаға арқау болған коммерциялық емес ұйымның өз мүлкіне билік етуге байланысты және мүдделер қайшылығы орын алуы мүмкін мәмілелерді жасауы мәселесін талдай келе, ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 36 және 37-баптарының мәтінін келесі редакцияда көрсетуді ұсынамыз:

«36-бап. Мүдделер қайшылығы

1. Коммерциялық емес ұйым мен мүдделі тұлғалардың арасындағы ұйымның мүлкіне билік етуіне байланысты мәмілелерде мүдделер қайшылығының орын алуы болжалынады.

2. Коммерциялық емес ұйымның басқару органының (атқарушы органының) мүшелері, сондай-ақ осы өз ұйымымен жеке өзі немесе өкілі арқылы мәмілелер жасасатын, ұйыммен қатынастарына орай өз мүлкімен ұйымға билік етуге ықпал ете алатын тұлғалар мүдделі тұлғалар деп танылады.

3. Коммерциялық емес ұйым мүдделі тұлғалардың туыстарымен, сондай-ақ олардың несие берушілерімен мәмілелер жасаса да мүдделер қайшылығы бар деп болжалынады.

37-бап. Мүдделер қайшылығын шешу

Мүдделер қайшылығының орын алуы болжалынатын мәмілені коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы бекітуге тиіс. Мүдделі тұлға осындай мәміле жасалуы мүмкін екені туралы ұйымның уәкілетті органын хабардар етуге тиіс.

Егер мәмілені уәкілетті органдар бекітпеген болса, мүдделер қайшылығы орын алған мұндай мәміленің жасалуы нәтижесінде коммерциялық емес ұйымға келтірілген шығындардың орнын толтыруға мүдделі тұлға жауап береді.

Шығындардың орнын толтыруға қоса, осындай мүдделі тұлға осындай мәмілені жасау нәтижесінде алған бүкіл кірісін коммерциялық емес ұйымға қайтары тиіс.

Егер шығындар бірнеше мүдделі тұлғаның іс-қимылдары нәтижесінде туындаған болса, олар коммерциялық емес ұйымның алдында ортақ жауап беруі тиіс.».

Аталған ұсыныстарымыз заң шығарушылар тарапынан қолдау тауып, заңдарға тиісті өзгерістер енгізілсе дұрыс болар еді.